

3) Іздеу барысында тексеріліп отырған құжатты сәйкестендіріп қайта құрады да, сәйкес келетін фрагменттерін іздеп, нәтижелерді іріктейді.

Антиплагиаттың автоматтандырылған жүйесінің жұмысын дұрыс түсіну үшін олардың жұмыс істеу принциптарын білу қажет.

Антиплагиат жүйелерімен күресті техникалық және техникалық емес деп екі негізгі тәсілге бөліп қарастырамыз. Техникалық әдіс бір алфавит әріптерін соған ұқсас басқа алфавит әріптеріне өзгертуді (қазақша «а»-ны ағылшынша «a»-ға), жеке әріптерді, сөз аралығын, нүктелерді немесе басқа да таңбаларды фонның түсіне сәйкес бояуды қамтиды. Көрінбейтін мәтіндерді қою. Орфографиялық қателерді қосу.

Синонимайзерлерді (сөздерді синонимдерімен автоматты түрде ауыстыру программаларын) пайдалану. Мәтінді қажетті «бірегейлікке» алып келетін антиплагиат жүйелеріндегі әлсіз тұстарын пайдалану мүмкіндігі (мысалы, AntiPlagiatKiller программасы). Ең жетілдірілген өнім – AntiPlagiatKillerV2 болып табылады, ол мәтінді талдап, оны өзгерту тәсілдерін ұсынады. Мысалы, ескі сөзді алып тастап, орнына жаңа сөз қою, өзгерту керек жерлерін көрсетеді және т.б.

Антиплагиатты тексеруді айналып өтуге болатын техникалық әдістердің артықшылығы – санының көп болуы, қол жетімділігі, жұмыс жылдамдығының жоғарылығы. Әдетте айналып өтудің техникалық әдістерін антиплагиат жүйелерін жасаушылар арнайы өнімді пайдаланбай-ақ бейтараптай алады. Бірақ бұл біраз уақытты қажет етеді, сол уақыт аралығында көптеген жұмыстар жақсы қорытынды бағалар алуы мүмкін.

Айналып өтудің техникалық емес әдісі мәтінді қайта жазып өзгертуге негізделген. Қазіргі таңда мәтінді ең қарапайым өзгертулер – сөйлемдерді қосу немесе бөлу, сөз орындарын ауыстыру, сөздерді синонимдарымен ауыстыру, қысқартылған сөздерді ашып жазу немесе, керісінше сөздерді қысқартып жазу – тексеруге ешқандай әсерін тигізбейді. Қайта көшіріп жазу туралы сөз қозғалғанда оңтайландырылған іздестіруді айтпай кету мүмкін емес.

Оңтайландырылған іздестіру – құрамы мен формасын іздеу жүйесінде позициясын жоғарылату мақсатында өзгерту шараларының кешені. Бұдан басқа мәтінді бірегейлендіру және оны негізгі сөздермен толтыруды да қамтиды.

Плагиатқа тосқауыл қою - бұл кез келген оқу орнының білім беру саласындағы бәсекеге қабілеттілігінің көрсеткішіне айналуы тиіс. Кез келген оқу орны ғылыми - зерттемелік жұмыстармен айналысқан ізденушілердің жұмысын сапалы, жоғары деңгейде орналуын талап етеді.

Бұл бағытта ғылыми мақала жазуға ынталы студенттерге де талап қою мәні зор деп есептеймін. Ғылыми жұмысты орындау барысында өзге еңбектерге сілтеме жасауы тиіс. Сілтемелік көрсеткіш ғылыми жұмыстың 40 пайызынан аспауы керек.

Жылма жыл қозғалып жатқан әр түрлі ғылыми жұмыстардың көбеюіне байланысты, плагиатқа тексеретін қандай да бір жүйенің керектігі сөзсіз.

Әдебиеттер:

1. «Казахстан Сегодня»: 2008ж. 18 қарашада жарияланды.
2. Г.Шимырбаева. Наука под грузом плагиата // Казахстанская правда, 2014г., стр-4.
3. Инструмент а только // Частный корреспондент. 2013.13 мая. URL: http://www.chaskor.ru/article/antiplagiat_31963.
4. Антиплагиату. Нет. URL: <http://antiplagiatu.net/.ru/>
5. Система явно изжигает себя // Форум Антиплагиат.ру. URL: <http://www.antiplagiat.ru/forum/default.aspx?g=posts&t=793>

БИОЛОГИЯ ПӘНІНЕН МЕКТЕП ОЛИМПИАДАСЫНА ОҚУШЫ ДАЙЫНДАУДЫҢ КЕЙБІР ТЕОРИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Мырзабаев А.Б., к.п.н., доцент*; Сулейменова А.Б., магистр*;

Жусупова А.А., мұғалім**; Бекбауова А.Т., мұғалім**

*Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

**Жамбыл атындағы мамандандырылған мектеп-интернаты

Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы.

Мақалада биологиядан пәндік олимпиадаға оқушылар дайындау мәселесі қаралады. Биология пәніне қызықтыру, оқушылардың шығармашылығын, құзіреттілігін арттыру жолдары айтылған. Оқушылардың танымдық дербестігін белсендіру және дамыту бүгінгі білім беру саласының аса қажеттілікті мәселесі, өйткені

оқушының таным үшін белсенді болуы көптеген психологиялық-әдістемелік шарттарға байланысты, олар: пәндік құзеттілік, шығармашылық, ойлауды дамыту, таным әрекетін алмастырып отыру және еңбекке қолайлы орта тудыру мен дербес ой жұмысын игеру.

Пәндік олимпиадалар сол пәнге ден қоя қызыққан оқушылардың білім мен ғылым көкжиегіне аттап басқан қадамдарын шындаудағы үлкен дода болып табылады. Биология пәніне балалардың қызыққандығының бір көрінісі де осы білім сайысына қатысуға деген құштарлықтарының пайда болуынан байқалады. Осындай ерекше оқушыларды олимпиадаға даярлау ұстаздың біріншіден өз пәніне, өзінің мамандығына деген жауапкершілігін көрсетеді, екіншіден оқушылардың дербес шығармашылық белсенділіктері артып, ғылыми әлем бейнесі қалыптасып, дүниетанымдары кеңейеді.

Қазақстан Республикасында Гуманитарлық білім беру тұжырымдамасында, Президенттің халыққа арнаған жолдауларында әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті елдердің қатарына кірудегі міндеттер білімді, талантты, жігерлі, өзіне сенетін арманға бай және оларды жүзеге асыруға ерік-жігері бар қабілетті жастарға жүктелген [1].

Демек, болашақ жастарымыздың өз мүмкіндіктеріне сенімді болуын қамтамасыз ететін білім берудің жаңа парадигмасы оқытудың субъектілігін мойындайтын, оның әлеуетіне тікелей әсері мол құзиреттілігі қалыптасқан белсенділік іс-әрекетін қалыптастырудың теориялық, әдістемелік негіздерін айқындау міндеттерін алдыңғы қатарға шығарады.

Оқушылардың танымдық дербестігін белсендіру және дамыту бүгінгі білім беру саласының аса қажеттілікті мәселесі, өйткені оқушының таным үшін белсенді болуы көптеген психологиялық-әдістемелік шарттарға байланысты, олар: пәндік құзеттілік, шығармашылық, ойлауды дамыту, таным әрекетін алмастырып отыру және еңбекке қолайлы орта тудыру мен дербес ой жұмысын игеру [2].

Педагогика ғылымдарында Д. Дьюи, М. Монтессори, О. Дерекли, Я. А. Коменский, К. Д. Ушинский, А. С. Макаренко, М. И. Махмутов, М. А. Данилов, Б. П. Есипов, И. Я. Лернер, М. Н. Скаткин, В. А. Слостенин, Г. И. Щукина, И. П. Иванов, Н. Морозова, А. М. Пышкало, А. Е. Дмитриев, М. Р. Львов және Қазақстандық ғалым А.Б.Мырзабаев сынды зерттеушілер педагогикалық үдерістегі негізгі орынды балалардың танымдық дербестігін белсендіру, шығармашылық іс-әрекетін қалыптастырудағы оқуға қойылатын талаптар туралы пікірлер берген.

Жаңа жүзжылдықтың басында елдегі экономикалық ахуалдың жақсаруы, қоғамның даму қарқыны білім берудің міндеттерін қайта қарауды талап етеді. Қазіргі жалпы білім берудің ұлттық деңгейіндегі басты міндеттердің бірі – әлеуметтік, экономикалық және саяси өмірге белсенді қатысуға дайын жаңаша ойлай алатын тұлғаны қалыптастыру.

Қоғамның қажеттіктерін қанағаттандыру мақсатында қабылданған Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңында “Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі: жеке адамның шығармашылық, рухани және күш-қуат мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, даралықты дамыту үшін жағдай жасау арқылы ой-өрісін байыту”, - деп атап көрсетілген [3]. Осы міндетке сәйкес оқушының ой-өрісін дамытып, белсенділік іс-әрекетке түсе алатын тұлғаны қалыптастыруда оқу экспериментінің орны ерекше.

Тұлғаның белсенді іс-әрекетін қалыптастыруға қатысты мәселелер Әбу Насыр әл-Фараби, М.Дулати, Ж.Баласағұн, М.Қашқари, А.Құнанбаев, Ы.Алтынсарин және т.б. еңбектерінде қамтылған. Философ ғалымдар Платон, И.Кант, Р.Декарт, Г.Гегель, Г.Лейбниц, А.Г.Спиркин, Б.С.Гершунский, А.Н.Шептулин және т.б. зерттеулерінде тұлғаның дамуындағы іс-әрекет рөлінің маңыздылығы айқындалған. Еліміздегі философтар Ж.М.Абдильдин, К.А.Әбішев, Ә.Нысанбаев, Ғ.Есім, Д.Кішібеков, Ә.Тұрғынбаев және т.б. қоғам дамуы адамның шығармашылық іс-әрекетіне байланысты деп санайды.

Алыс және жақын шетел ғалымдары Л.С.Выготский, Л.С.Рубинштейн, Б.Г.Ананьев, А.А.Люблинская, А.В.Петровский, Л.М.Фридман, В.В.Давыдов, А.Я.Пономарев, Д.Б.Эльконин, Н.Ф.Талызина, Л.И.Божович, И.А.Зимняя, А.К.Маркова, А.В.Захарова, И.С.Якиманская, В.К.Шабельников, О.К. Тихомиров және т.б. оқушылардың белсенділігінің қалыптастырудың психологиялық заңдылықтарын анықтады. Мектеп оқушыларының белсенділік іс-әрекетінің

психологиялық заңдылығын Ж.Аймауытов, Т.Тәжібаев, Ә.Алдамұратов, Қ.Жарықбаев және т.б. айқындады.

Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінің стратегиялық мақсаттарының бірі – қоғамның әлеуметтік-экономикалық күрделі өзгерістеріне қарай тұлғаның танымдық іс-әрекетін қалыптастыруға жағдай жасау болып табылады. Мұның өзі жалпы білім беретін мектептерде жеке пәндерді оқытуда оқушылардың танымдық шығармашылық іс-әрекетін қалыптастыру үшін оқу-танымдық әрекеттерін ұйымдастыру міндетін жүктейді.

Мектеп биологиясын оқытуда қазіргі қоғамда қалыптасқан әлеуметтік-экономикалық, экологиялық және психологиялық жағдайларға байланысты негізгі қойылатын талаптар оқушы шығармашылығын дамыту, пәнге қызығушылықты қалыптастыру, құзіретті тұлға дайындау және қазіргі заман технологияларын тиімді пайдалана алатын адам, сонымен қоса экологиялық сауаттылығы жоғары, белсенді тұлға қалыптастыру болып табылады.

Осы айтылғандардың ішінен біз қазіргі заман талабына сай оқушының алдағы өмірінде өз орнын табуы, еліне, жеріне және өзі өмір сүріп отырған жаңа қоғамға тигізер пайдасы, оны дамытуға қосатын үлесін негізгі мәселе деп қарап, баланың сол өмірге дайындығын оның құзіретті тұлға болуына және шығармашылық адам болып өсіп жетілуін негізгі проблема деп қарап ғалымдар зерттеулерінен анықтай келе сол проблемаға баса назар аудардық.

Оқушының іс-әрекеттерін, зерттеушілік құзіреттілік қалыптастыру бағытында ұйымдастыру негізінде әлеуметтік белсенді тұлғаны қалыптастыруды Н. Д. Хмель, Н. Н. Хан, К. Қ. Құнантаева, Ш. К. Беркімбаева, А. К. Құсайынов, Ш. Т. Таубаева, С. Т. Иманбаева, М. Ж. Жадрин, А. Қ. Рысбаева, Л. Х. Мажитова, Ж. У. Кобдикова, Р. Омарова, К. С. Успанов, В.В.Шахгулари, К.К.Жұмадилова, А.Б. Мырзабаев, М. Мұхамедин, және т.б. ғылыми еңбектерінде қарастырылған. Авторлар оқу үдерісінде білім алушылардың шығармашылық іс-әрекетін тиімді ұйымдастырудың және педагогикалық технологияларды қолдану теориясы мен әдістемесін әркім өз саласы бойынша: пәндік, жалпы мектептегі оқу-тәрбие проблемаларына қатысты т.с.с. анықтаған.

Осы кездегі өзгеріп жатқан қоғам өмірінің әр жылында педагогикалық үдеріс нәтижесі де өзгеруде. Бүгінгі таңда «күндегідей» оқыту және тәрбиелеу жеткіліксіз, адамды өмірге дайындау нобайының өзінде түпкілікті қайта құру және осы жұмысты іс – тәжірибе түрінде өзгерту қажет. Ғылыми әлем бейнесі қалыптасқан, дүниетанымы ғылыми берік, еркін ойлайтын, кез келген қиыншылықты жағдайда шешім таба алатын, батыл, парасатты, рухани байлығы мол, меңгеру қабілеті бар, яғни өзіне, айналадағы адамдарға, қоғамға, табиғатқа деген қарым – қатынасын құратын және құзыреттіліктер жиынтығын игерген адам, құзыретті тұлға керек, осы айтылған адами спалардың қалыптасуына биологиялық білімнің де ықпалы зор.

Биологиялық жоғары дәрежедегі сауаттылық оқушының ғылыми дүниетануының, ғылыми әлем бейнесінің дұрыс қалыптасуына бірден-бір себеп «Білім сапасы» категориясының мазмұнын ашуда құзырет ұғымы ерекше орын алады. Зерттеушілердің пікірі бойынша құзырет тек білімге ғана емес, біліктілікке (теңдес болмағанымен) көбірек сай келеді және адамның әртүрлі қажетті салалардан хабардар болуын сипаттайды.

Қазақстан Республикасы мемлекеттік жалпыға міндетті Білім беру стандартында жалпы орта білім берудің ұлттық деңгейдегі басты мақсаты – еліміздің әлеуметтік, экономикалық және саяси өміріне белсенді қатысуға дайын, құзыретті тұлғаның қалыптасуына ықпал ету деп анық көрсетілген [4].

Әлемдік тәжірибе мен ұлттық практикаға сүйеніп жасалған бұл ресми құжатта әрбір оқушының жас ерекшеліктерін ескере отырып, білімнің мазмұнын меңгеруге бағытталған құзыреттіліктер жиынтығын игеруі мақсат етілген, олар: өзіндік менеджментке жататын өмірде кездесетін проблеманың шешімін табу құзыреттілігі; ақпараттық құзыреттілік; білімді игерумен бірге жүретін қарым-қатынастық, коммуникативтік құзыреттілік [5].

Құзыреттілік бірінші орынға оқушының хабардарлығын емес, мынадай жағдайларды: нақты құбылыстарды танып – білу мен түсіндіруде; қазіргі заманғы техника мен технологияны игеруде; практикалық өмірде; мамандық таңдауда және өзінің кәсіби білім алуға дайындығын бағалауда, еңбек

нарығын бағдарлау қажет болғанда; өмірдегі өз орнын анықтауға, өмір салтын, кикілжіндерді шешу тәсілдерін таңдауға байланысты мәселелерді шешу қажет болғанда туындайтын өмірлік мәні бар мәселелерді шеше білу біліктілігін шығарады [6]. Зерттеу жұмыстарында жобалау, зерттеу, құрастыру, оқу-зертеудің мектеп оқушыларының шығармашылық іс-әрекетін қалыптастырудың тиімді формасы екендігі тұжырымдалған.

Ғылыми зерттеу жұмыстары мен педагогикалық-әдістемелік әдебиеттерге жасалған талдаулар биология сабақтарында оқушылардың танымдық дербестігін белсендіру және дамыту бүгінгі биологиялық білім беру саласының аса қажеттілікті мәселесі болып табылатынын айқындап берді. Осы орайда дарынды балаларды пәндік олимпиадаға дайындауда ең алдыңғы қатардағы приоритетті проблема шығармашылық белсенділік және құзіретті тұлға тәрбиелеп шығару екендігі және оның ғылыми жағынан негізделмегенін айқындауға мүмкіндік туғызды. Осы тұрғыдан алғанда келесі қарама-қайшылықтар туындайды:

- биология сабақтарында мектеп оқушыларының дербес шығармашылықтарын қалыптастыру қажеттілігі мен оның теориялық тұрғыда негізделмеуі;

- биологиядан жоғарғы сынып оқушыларының құзіреттіліктерін қалыптастыру мүмкіндіктері және оның ғылыми-әдістемелік тұрғыда жеткілікті түрде қамтамасыз етілмегендігі арасында қарама-қайшылықтар кездеседі.

Аталған қарама-қайшылықтардың дұрыс шешімдерін іздестіру зерттеу мәселесіне қатысты теориялық негіздерін және оны жүзеге асыру әдістемесін айқындау бізге зерттеу бағытын жоғарғы сынып оқушыларын биология пәнінен олимпиадаға дайындаудың әдістемесіне арнауға себеп болды.

Осы бағыттағы зерттеуіміздің нысаны мектептерде биологиялық білім беру болып, зерттеу пәніміз жоғарғы сынып оқушыларын пәндік олимпиадаға дайындау болып табылады.

Зерттеудің мақсаты биология пәнінен олимпиадаға дайындаудың дидактикалық мүмкіндіктерін анықтап әдістемесін жасау.

Қойылған мақсатқа жету үшін мынадай зерттеу міндеттерін анықтадық:

- биология пәндеріне жоғарғы сынып оқушыларының қызығушылықтарын арттыру жолдарын анықтау;

- шығармашылықты талап ететін тапсырмалар арқылы биология пәндеріне деген оқушылардың танымдық белсенділігін артыру тәсілдерін педагогикалық-психологиялық тұрғыда негіздеу;

- оқушының құзіреттіліктер жиынтығын дамытуға мүмкіндік беретін оқытудың әдіс-тәсілдерін тәжірибеде тексеру және биология пәнінен олимпиадаға дайындау мәселесіне қатысты ғылыми негізделген ұсыныстар беру.

Жұмыстың мақсаты және міндеттері мынадай ғылыми болжам жасауға мүмкіндік берді: егер, зерттеу мақсатына сай жоғарғы сынып оқушыларын биология пәні бойынша олимпиадаға дайындаудың ғылыми негізделген әдістемесін жасасақ, онда:

- оқушылардың биологиялық ойлау қабілеті, олардың пәнге деген қызығушылықтары мен танымдық дербестіктері жоғарылап оқу кезіндегі іс-әрекетінің белсенділіктері артып, биология пәнінен сапалы біліммен, тиянақты біліктілік және дағдылары жетіліп, әлемдік білім кеңістігіне ену талабына сай құзіреттілігі жетілген, ізденімпаз жеке тұлға қалыптасар еді.

Зерттеудің жетекші идеясы мектеп оқушыларының оқу үдерісінде дербестігін белсендіріп, дамытатын тапсырмалар құру арқылы, олардың құзіреттіліктерін және шығармашылығын арттыруға және пәндік құзіреттіліктерінің қалыптасып өз бетінше әрекеттене білуіне ықпалын тигізеді.

Жұмыстың әдіснамалық-теориялық негіздері тұлғаның мәні туралы философиялық, психологиялық, педагогикалық зерттеулердегі негізгі ұстанымдары, тұлға теориясы, іс-әрекет теориясы, құндылықтар теориясы, тұлғаға бағдарланған оқыту және жобалау технологияларының теориялық негіздері, тұлғаның құзіреттілігін, шығармашылық әрекетін қалыптастырудағы тұжырымдар болып табылады.

Зерттеудің көздері Қазақстан Республикасы заңдары, нормативті құжаттары, оқу экспериментін жүргізуге байланысты ғылыми-әдістемелік еңбектер, тұжырымдамалар, кешенді бағдарламалар, алыс және жақын шет ел, Қазақстан ғалымдарының оқу эксперименті бойынша философия, психология, педагогика, жаратылыстану ғылымдарындағы ғылыми зерттеу еңбектері, білім беру жүйесіндегі алдыңғы қатарлы педагогтардың озат іс-тәжірибелер және ғылыми ізденушінің өзінің әдістемесі және зерттеу тәжірибелері.

Жұмыс барысында қолданылған әдістер философиялық, психологиялық, педагогикалық зерттеулерді талдау, қорыту, мектеп құжаттарын талдау, шығармашылық жұмыстарды талдау, жалпы білім беретін мектептегі оқу эксперименті бойынша тәжірибе жинақтау, салыстыру,

тұжырымдау, математикалық статистикалық зерттеу әдістерін қолдану, бақылау, тәжірибелік-эксперименттік жұмыс жүргізу.

Жұмыстың бірінші кезеңінде тақырып бойынша философия, психология, педагогика, жаратылыстану ғылымдары бойынша білім алушылардың шығармашылығының алатын орны, оқу әрекетіндегі эксперименттің маңыздылығы, сонымен бірге қазіргі білім беру саласындағы зияткерлік белсенділікке баулу туралы, құзіреттілік жалпыадамзаттық және отандық білім беру жүйесіндегі оқу эксперименті бойынша қалыптастыру мүмкіндігіне салыстырмалы талдаулар жүргізілді. Талдау барысында зерттеу жұмысымыздың теориялық негіздері, ғылыми-әдіснамалық аппараты айқындалды.

Екінші кезеңі бойынша оқушылардың дербес белсенділік, құзіреттілік пен шығармашылық іс-әрекетін қалыптастырудың компоненттері, көрсеткіштері, өлшемдері, айқындалды. Мектептерде оқу эксперименті арқылы шығармашылық іс-әрекетін қалыптастырудың әдістемелік жолдары дайындалды, тәжірибелік жұмыстар жүргізілуде.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы мен теориялық мәні ол, биология сабақтарында мектеп оқушыларының дербес шығармашылықтарын қалыптастырудың теориялық тұрғыда негізделуі және мектеп биология пәнінен құзіреттілікке бағытталған тапсырмалардың белгіленіп, биологиялық олимпиадаға дайындаудың теориялық-әдістемелік мүмкіндіктерінің анықталып, әртүрлі дәстүрден тыс ойлай алуға мүмкіндік беретін тапсырмалар арқылы оқушының пәнге қызығушылығын арттырудың теориялық мәні айқындалуында.

Практикалық тұрғыда зерттеудің мәні ол, биология пәнінен оқушылармен зерттеу жұмыстарын жүргізу, олимпиадаға дайындау жұмыстарында біздің алған мәліметтерімізді басшылыққа алуға және пайдалануға болады. Зерттеу материалдары білім саласы педагогтарының және ғылыми қызметкерлерінің, білім алушыларының теориялық-әдіснамалық біліктіліктерін арттыруда, практикалық тәжірибелерінде пайдаланылады.

Осы зерттеу жұмысында мектеп оқушыларымен жүргізілетін оқу-тәрбие үдерісінде танымдық дербестікті дамыту және шығармашылық, зерттеушілік тапсырмалардың танымдық белсенділікті дамытудағы рөлі зерделене отырып оның мақсатқа жетудің алғы шарты екендігін ашып көрсетілді. Шығармашылық іс-әрекетін қалыптастырудың мүмкіндіктері және үлгісі, компоненттері, көрсеткіштері анықталды. Биология пәнін оқытуда оқушылардың танымдық дербестігін белсендіру шарттары, пән аралық байланыс, қолайлы орта тудыру мәселелері қаралып, оқу-танымдық тапсырмаларды шешу әдістемесі талданды.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасында Гуманитарлық білім беру тұжырымдамасы, Алматы, 1994, 40 б.
2. А. Б. Мырзабаев. Биологияны оқыту әдістемесі. Қарағанды, ҚарМУ, 2006, 358 б.
3. Қазақстан Республикасының Білім туралы заңы. //Егеменді Қазақстан, 1999, №115-116.
4. Қазақстан Республикасы мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты. Негізгі ережелер. Астана, 2011.
5. www.google.kz. // М. М. Чошанов.
6. Кенжебеков Б. Маманның кәсіби құзыреттілігінің теориялық негізі / Б. Кенжебеков.- Қазақстан мектебі. 2004.-№7.-Б. 3-7.

ВЕБ-КВЕСТЫ КАК ФОРМА ОРГАНИЗАЦИИ СРС В ПРОЦЕССЕ ИЗУЧЕНИЯ ИНОСТРАННОГО ЯЗЫКА В ВУЗЕ

Печерских Т.Ф., к.ф.н., доцент; Пагнуева А.С., преподаватель
 Карагандинский государственный университет им. академика Е.А.Букетова
 г. Караганда, Республика Казахстан

В статье речь идет о веб-квесте как форме организации Интернет-ресурсов и о принципах организации виртуального образовательного пространства. Образовательный веб-квест – это проблемное задание с элементами ролевой игры, для выполнения которого используются информационные ресурсы Интернета. Авторы рассматривают цель, особенности, виды заданий, структуру и требования к созданию веб-квестов и дают пример создания квеста в рамках СРС по дисциплине «Базовый иностранный язык, уровень В2».

Ключевые слова: веб-квест, Интернет-ресурсы, веб-сайт, платформа, алгоритм, СРС.